ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 12 қазан №7119-23-00-2/9925 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.С.Алимбетов,
сот отырысының хатшысы А.П.Альтаеваның отыруында, ашық сот отырысында аудио-бейне жазба құрылғысын және «WhatsApp» қосымшасын пайдалана отырып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6636 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Каратаев А.Б.» атынан - Каратаев Алмат Байжанович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Ж.Қ.Алтынбаев
Жауапкер өкілі А.Б.Қаратаев., Д.С.Темиргалиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 21 шілдеде «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6636 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Тапсырыс беруші, Талап қоюшы) мен жеке кәсіпкер «Каратаев А.Б.» атынан - Каратаев Алмат Байжановичтің (әрі қарай - Өнім беруші, Жауапкер) арасында соммасы 2 956 800 теңгеге резеңкелі ковролан (кілем, (сапалы), жалпы қалыңдығы 12 мм, жалпы салмағы 2500 гр/м2, негізі резеңке, ені 3 метр) сатып алу туралы № 520 шарт (әрі қарай - Шарт) жасалынған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, тауар жеткізу мерзімі шарт аумақтық қазынашылық органда тіркелген кезден бастап 20 күнтізбелік күн ішінде.

Тауарды жеткізу мерзімі 14 тамыз 2023 жыл.

Алайда 10 тамыз 2023 жылы жауапкер жалпы қалыңдығы 12 мм кілемше сатылымда болмауына байланысты, жалпы қалыңдығы 6 мм кілемшеге ауыстырып әкелетіндігін және осы тауар үшін 300 000 теңге көлемінде шарттың жалпы сомасын азайту туралы қосымша шарт жасау туралы арыз берген.

Тараптармен қосымша шарт жасалынбаған.

Жауапкермен шарт бойынша міндетеменің орындалмауына байланысты, шарт біржақты тәртіпте 2023 жылғы 04 қазанда бұзылған.

Сонымен қатар, аталған мемлекеттік сатып алу бойынша 2023 жылғы 29 қыркүйекте Талап қоюшымен мен ЖК «Allan», жалпы соммасы 2 301 992 теңгеге шарт түзілген.

Талап қоюшы өз талабында, жауапкер шарт жасау барысында шартпен толық танысып, онымен келіскенін. Жауапкермен міндеттеменің орындалмауына байланысты, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талап қоюшының талабына берген қарсы пікірінде, шартты орындау барысында жауапкер келесі сипаттама бойынша тауар (кілем) сияқты белгілі бір жағдайларға бірнеше рет тап болғанын. Жалпы қалыңдығы 12 мм кілем салмағы 2500 гр/м2, негізі резеңке, ені 3 метр өндірістен алынып тасталғанын және өндірілмейтінін. Ал, жалпы қалыңдығы 12 мм кілем өндірілетінін, алайда резеңке негізі жоқ екенін. Резеңке негізі бар кілемнің қалыңдығы 6 мм-ден аспайтынын. Талапкердің өкілімен келіссөздермен жеке кездесулердің нәтижесінде, 2023 жылғы 04 тамызда 550 ш.м. көлемінде резеңке негізі бар кілем, қалыңдығы 6 мм, түсі көк, шыққан елі - Бельгия, сәйкестік сертификатын және барлық қажетті құжаттарды ұсына отырып, бұл ретте талапкер бұл тауардың техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтінін көрсетіп, қабылдаудан бас тартқанын. Алайда, талапкермен акт жасалмағанын көрсетіп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды нақтылап, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Жауапкерлердің өкілі қарсы пікірде көрсетілген уәждерін қолдай келе, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 12.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Алимбетов А. С., 14.12.2023

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы өз мерзімінде аталған талап қоюмен сотқа жүгінген. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 268-бабына сәйкес (бұдан әрі - АК), шарт жасасу міндеттеменің пайда болуына негіздер болып табылады.

Азаматтармен заңды тұлғалар шарт жасасуға еркін (АК-тің 380-бабы). Шарт ол жасалған сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады (АК-тің 386-бабы).

Егер сату-сатып алу шарты бойынша түрлеріне, үлгілеріне, мөлшеріне, түстері мен өзге де белгілеріне (түр-түрі) қарай белгіленген тауарлар берілуге тиіс болса, сатушы сатып алушыға тауарларды тараптар келіскен түр-түрі бойынша беруге міндетті (АК-тің 420-бабы).

Іс-құжаттарына сәйкес, тараптар арасында 2023 жылғы 21 шілдеде жалпы соммасы 2 956 800 теңгеге резеңкелі ковролан (кілем, (сапалы), жалпы қалыңдығы 12 мм, жалпы салмағы 2500 гр/м2, негізі резеңке, ені 3 метр) сатып алу туралы № 520 шарт жасалған.

Демек, жауапкер шартқа қол қойып, оның талаптарымен келіскен. Сондай-ақ, жауапкерді ешкім шарт жасасуға мәжбүрлемеген, тиісінше тараптардың еркімен жасалынған.

Тараптар арасында шартты өзгертуге байланысты қосымша келісім жасалынбаған.

АК-тің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондай-ақ, АК-нің 359-бабының 1-тармағына сәйкес, борышқор кінәлі болған кезде егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе ол кінәсіз деп танылады.

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 12.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Алимбетов А. С., 14.12.2023

Заңының 43-бабының 23-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Сотта анықталғандай, бүгінгі таңға дейін тапсырыс берушіге тауар жеткізілмеген.

Кодексте, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен өзгертілуі және бұзылуы мүмкін. Шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда (шарттан тиісінше ішінара немесе толығымен бас тарту (осы Кодекстің 404-бабы) шарт өзгертілді немесе бұзылды деп есептеледі. Шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады (АК-тің 401, 402-баптары).

Тапсырыс берушімен шарт біржақты тәртіпте бұзылған.

Жауапкер істің қаралу сатысында шарттың біржақты тәртіпте бұзылғандығын дауламады және тауарды қабылдауға міндеттеу туралы қарсы талаппен сотқа жүгінбеді, яғни сот, бұл жауапкердің процестік рәсімдерді өткізіп алғаны деп санайды.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 12.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Алимбетов А. С., 14.12.2023

Әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс (АПК-тің 72-бабы).

Алайда, жауапкер талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелерді сотқа ұсынбады.

Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Сот, жауапкердің уәждері ешқандай тиісті құжаттармен дәлелденбейді және ақылға қонымсыз деп санайды, сондай-ақ талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелерді сотқа ұсына алмады.

Аталған істі қарау барысында шарт талаптарының жауапкермен тиісті түрде орындалмағандығын, яғни тауар мерзімінде жеткізілмегендігін ескеріп, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден сот шығындары өндірілуге жатады.

№2 талап

АК-тің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

АК-тің 298-бабына сәйкес, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

АК-тің 349-бабына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден олміндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпысомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады)не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткенәрбір күн үшін орындалмаған

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 12.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Алимбетов А. С., 14.12.2023

міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздықайыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшының 147 840 сомадағы тұрақсыздық айыбы келесі есеппен шығарылған:

- 2 956 800 * 0,1 % = 2956,8 * 50 = 147 840 теңге (2023 жылғы 15 тамыз айынан 04 қазан айына дейін).

Аталған есеп сотпен негізді деп танылып, кабылданады.

Бұдан бөлек, сот тұрақсыздық айыбын төмендетуге негіздер жоқ деп санайды, себебі аталған сома тым жоғары емес. Талап қоюшы тұрақсыздық айыбын негізсіз арттыратын әрекеттер жасамаған. Тұрақсыздық айыбы шарттың орындалу күнінен бастап, бұзылған күніне есептелген, яғни заңталаптарына сәйкес шығарылған.

Осыған байланысты сот, дәлелдемелерді бағалай келе, іс үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеп, жауапкерден 147 840 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіру қажет деген тұжырымға келеді. Себебі, аталған соманы ақылға қонымды және әділ деп санайды.

АПК-нің 117 баптарынана сәйкес мемлекеттік баж жауапкерден өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 6636 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Каратаев А.Б.» атынан - Каратаев Алмат Байжановичке қойған мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Каратаев А.Б.» атынан - Каратаев Алмат Байжанович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Каратаев А.Б.» атынан - Каратаев Алмат Байжановичтен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Каратаев А.Б.» атынан - Каратаев Алмат Байжановичтен мемлекет кірісіне 147 840 (бір жүз қырық жеті мың сегіз жүз қырық) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын және 1478 (бір мың төрт жүз жетпіс сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 12.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Алимбетов А. С., 14.12.2023

7119-23-3-1/9669

жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.С.Алимбетов**

Құжатқа қол қойылған: Алимбетов А. С., 12.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Алимбетов А. С., 14.12.2023

7119-23-3-1/9669